

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі бойынша ақпарат

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 24 шілдедегі (2021 жылғы 8 қаңтардағы өзгерістер және толықтырулармен) «Білім туралы» Заңының 55-бабының 4-тармағына сәйкес Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) болып өзгертілді.

Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау, бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

ББЖМ әдістемелік көмек көрсету және білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, дайындық пен өткізуді, тестілеу нәтижелерін өңдеу мен жүйелі талдауды қамтиды.

ББЖМ 4-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдана отырып, оқыту тілінде функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша жүргізіледі.

4-сынып оқушыларына арналған тесттің құрылымы:

Оқу сауаттылығы – 10 тест тапсырмасы;

Математикалық сауаттылық – 20 тест тапсырмасы;

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – 20 тест тапсырмасы.

Тест тапсырмаларының формасы: бір дұрыс жауапты таңдауға арналған.

Тестті орындау уақыты – 154 минут (2 сағат 34 минут)

Максималды балл – 50.

ББЖМ 9-сыныптарда кешенді тестілеу нысанында АКТ қолдана отырып, функционалдық сауаттылықтың үш бағыты: математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, оқу сауаттылығы (орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде мәтіндер) бойынша жүргізіледі.

9-сынып оқушыларына арналған тесттің құрылымы:

Оқу сауаттылығы - 15 тест тапсырмасы;

Математикалық сауаттылық – 20 тест тапсырмасы;

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география), әр пән бойынша 8 тест тапсырмасы, барлығы 32 тест тапсырмасы.

Тест тапсырмаларының формасы: бір дұрыс жауапты таңдауға арналған.

Тестті орындау уақыты – 189 минут (3 сағат 9 минут)

Максималды балл – 65.

Мектеп әкімшілігі ББЖМ-не жүйелі түрде дайындалуда: мектеп мұғалімдерімен ББЖМ оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың құқықтық құжаттамасы зерделенді. 2024-2025 оқу жылына ББЖМ-не дайындық бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Оқушылар, ата-аналар арасында мақсат-міндеттер, ББЖМ өткізу алгоритмі: директормен кездесу, ата-аналар жиналысы, сынып сағаттары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

4 және 9-сынып оқушыларының ББЖМ-ге дайындық бойынша мәліметтер базасы құрылды. 4, 9 сынып оқушыларының жалпы саны - 92. Бекітілген кестеге сәйкес 4 және 9-сыныптарда ББЖМ дайындау бойынша оқу сабақтары, жеке консультациялар, сынақ сабақтары өткізіледі. Сонымен қатар, Testter.kz платформасында үнемі дайындық жұмыстары жүргізіліп отыр.